

Б.С. ӘБЖЕТ
Б.Ж. ҚҰЛЖАЕВА

«БӘЙТЕРЕК – ӨМІР АҒАШЫ» МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІГІ

В статье говорится о священности монумента Байтерек в г.Астане в понятии народа.

Bu makalede, Astana şehrinde inşa edilen Bayterek Anıtı'nın halk anlayışındaki önemi ve kutsallığından söz edilmiştir.

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астанада бой көтерген алып Бәйтерек қазақы ұғымның көрінісі, дәстүрлі ұғым жиынтығының символикасына айналды деуге болады. Бәйтерек кешенінің қазақ үшін маңыздылығын академик С.Қасқабасов былайша тебіреніп жеткізеді: «Астана Бәйтерегі – мифологияда суреттелетін Космостың моделі, ол бүкіл әлемді символдап тұр: аспанға бой түзеп, жер шарын көтеріп, ежелгі мифологияны негізге ала отырып, бүгінгі Қазақстанды әлемге көрсетіп тұр. Астана – Бәйтерегі қара орман қалың қазақтың бейнесі, оның жарқын болашаққа, ізгілікті әлемге ұмтылысы. Астана Бәйтерегі – қазақ елінің тірегі мен қорғаны, ал оның кепілі – Елбасы. Міне, ата-бабамыздың ежелгі мифологиясынан бізге жеткен Бәйтерек – баянды тірекке, жылуы мол панаға айналған. Бүкіл космостың, байтақ Қазақстанның символы – Бәйтерегіміз мызғымасын» [1, 100].

Бәйтерек тек өзінің көркем, көз тартар сұлулығымен ғана емес, ұлттық нақышымен де маңызы аса зор. Ел мақтанышы деген атаққа лайықты жан-жақты маңызды мәнге ие ғимарат ретінде әлемде қазақы нышанымен де дараланып тұрады.

Мысалы, Париж десек, көз алдымызға Эйфель мұнарасы елестейді. Москваны Кремльсіз елестету мүмкін емес. Египетте перғауын кезеңінен қалған ескерткіш пирамидалар сол елдің мақтанышына айналған. Сәтімен шыққан осындай ғимараттар кейде бір елдің болмысы мен тарихын өзге елдерге танытып тұрады. Уақыт өте келе бұл ғимараттар сол елдің баға жетпес ескерткішіне айналып кетеді. Бұл ғимараттар сол елдердің атағын шығару арқылы өзге елдердің туристерін өзіне қарай тартып тұрады.

Біздің елімізде де Астана десе алдымен Бәйтерек көз алдына елестейді. Осы бәйтерек туралы қазақ халқының ұғымында және ертегілері мен мифтерінде жиі ұшырасатын болғандықтан және қазақ халқының ең киелі де қасиетті наным-сенімдері қатарынан орын алып келеді. Ғимараттың жалпы ұзындығы 105 метр болуы оның жүздеген жылдар бойы жайқалып өсетін киелі ағаштың ғұмырынан хабар берсе, Елбасымыздың қолының ізі қойылған, Самұрықтың жұмыртқасы ретінде салынған саяхатшылар тамашалайтын орынның биіктігі 97 метр. Бұл 1997 жылы Астана қаласының елорда болғандығын білдіретін белгі ретінде таңдалған санды білдіреді.

Жалпы қазақта тоғыз саны да, жеті саны да қасиетті сандар қатарынан орын алады. Бәйтерек ғимараты осылайша өзінің көптеген қасиеттерімен дараланып тұрады

Қазақ халқы ежелден-ақ жапанда жалғыз өсіп тұрған ағашты киелі санаған. Ондай ағашты «әулие ағаш» деп қастерлеп, ырым етіп басына түнеген. Одан тілек тілеп, саясында отырып дұға оқыған, белгі ретінде шүберек байлап кету әлі күнге дейін халық сенімінен берік орын алғандығын көреміз. Басқа халықтарда адам қайтыс болған соң қабірінің басына гүл апаратын болса, қазақтар қайтыс болған адамның қабірінің басына ағаш отырғызатын болған. Оның мағынасы адам жаны жұмаққа барады, жұмақты жайқалған ағаш ретінде елестететін болған. Оның үстіне біреуге тілек тілеп, бата берсе де «Үрім-бұтағың жайқалып өссін, бәйтерегің құламасын» деуінің сыры да қазақта бәйтерек ұғымы берік орныққандығын көрсетеді. Мұндай ырымдар ислам дінін қабылдамастан бұрын, шамандық нанымды ұстанған кезден бастап халықтың салтына сіңген болуы керек. Ертеде ел басқарған абыздар қолына аса таяқ ұстап жүреді екен. Онысы құдайдың жердегі көлеңкесі, ерекше қасиеті бар, халықтың болашағын болжап, дұрыс жолға бағыттайтын әулие деген ұғымға саяды.

Шамандық наным бойынша өсіп тұрған алып ағаш адамзат баласының жарылқаушысы, үш қабаттан тұратын дүниені жалғастырушы дәнекер ретінде бейнеленген. Адам баласына жан бітіруші, қысылғанда демеуші рухтардың мекені деген де ұғым берік орын алған. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Шоқтеректің түбінде қайтыс болған Қозыны Баян келіп үш күнге тірілтіп алатыны бар. Бұл да шамандық ұғымды меңзейді. Ол турасында қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Ә.Қоңыратбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының түркі халықтарындағы нұсқаларын салыстырып зерттеген еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «Қазақтың ертедегі нанымдарының бірі анимизм (табиғатты жандандыру) десек, мұның көрінісі тек Қозы мен Баян бейітіне шыққан қос шынар (терек), олардың ортасына біткен ақ тікен, өткелсіз орман, тау, дария стихиясы түрінде ғана кездеседі» [2, 112].

Жырда Қодар Қозыны Шоқтеректің түбінде өлтіреді. Жырдың кейбір нұсқаларында өліп жатқан Қозыны Баянның тілегін берген Қыдыр оны үш күнге тірілтеді. Осылайша екі ғашық бір-бірімен қайта табысады. Жырдың осы финалдық тұсында Шоқтеректің бейнеленуі тегін емес. Ағаштың басына қарай, яғни көкке кеткен жаны ғашығының тілегінен соң қайта денесіне қонады. Оған ата-баба әруағы көмекке келеді. Шамандық түсінік бойынша әлем үш қабаттан тұрады. Жоғарғы әлемде құдайлар, таза рухтар, адамды жебеуші киелі қорғаушы әруақтар, самұрық құс өмір сүреді деп түсінген. Қиыншылыққа, бақытсыздыққа тап болған кезде, адамға осы жебеуші рухтар мен періштелер көмекке келеді деген түсінік болған. Белгілі фольклортанушы ғалым, профессор Ш.Ыбыраев көне мифтік жебеушілердің қаһармандық эпостардағы көрінісі туралы былай деп жазады: «Батырлық ертегідегі

қаһармандық тенденция кейіпкердің құбыжықтармен, жауыз күштермен соғысуын рулық қақтығыстармен алмастыруға бет бұрған. Генеологиялық шарт бойынша қаһармандық балалық шақты, ғажайып үйленуді кеңірек баяндау себепті сюжет қайта түлеген. Бірақ қайта түлеу негізінен ескі арнамен, жекелеген мотивтерді алмастыру жолымен жүріп отырған деп жорамалдауымызға болады. Себебі, кейіпкердің өмір жолы түрліше көмкерілгенімен, жалпы нобайы сақталады.

Ертегі мен көне эпоста мәдени қаһарманның байырғы қызметі қалдық (реликт) түрінде ұшырасады. Ол жүретін үш әлем «қазақ фольклорында көбінесе жер үсті мен жер асты), осы әлемді байланыстырушы алып бәйтерек (ғылымдағы атауы «әлемдік» немесе «космостық ағаш»), ғажайып затты қолға түсіру, Асан қайғының Жерұйықты іздеуі, Қорқыттың тұңғыш қобыз жасауы, Толағайдың тауды арқалап әкелуі, т.б. бәрі де осыған меңзейді»[3, 228-229].

Демек қазақтың батырлық жырларында үш әлемді байланыстырып тұратын алып бәйтеректің өзгерген түрі көмескі болса да ұшырайтындығын көреміз. Ал әлемнің жаратылысы туралы айтылатын көне мифтерде бәйтерек ағашы анағұрлым жақсы сақталған. Шамандық нанымға құрылған байырғы түркі халықтарының мифінде әлемнің неден жаратылғандығы, оны жаратушы тәңірі жасағанның аспан мен жерді жаратқан кезде олар бір-біріне құлап кетпеу үшін ортасына бәйтерек орнатқандығы айтылады. Бәйтерек аспан әлемі мен жер бетін және жер асты дүниесін бірімен-бірі байланыстырып тұрады. Бәйтеректің басында Самұрық құс өмір сүреді екен. Сол секілді қазақ халқында сақталған бірнеше мифтер бар. Соның бірі былайша басталады: «Сонау-сонау соңы меңіреу заманда, арғы-арғы, аңғырт тұйық алаңда: ерте-ерте, ертеден де ерте, астан-кестен аунаған лай теңіз ішінде, жұмыртқадай жұмыр малта тас жүзіп келе жатты. Жалғыз Жаратушы жасаған бұл тасқа ынта-мейіріммен таңырқай қарапты. Қолына алып байқаса, оң беті оттай қызыл, астар беті судай мөлдір, таңғажайып тамаша тас екен. Жасаған өзінің шебер қолымен бұл тамаша тасты қоспасынан қақ жарыпты. «Қарш» етіп айырылған жұмыртқадай жұмыр тастың қақ жартысы отқа, қақ жартысы суға айналыпты да, от пен су қайта қосылып қайнап, одан көтерілген будан – көк аспан, қайнап, тандыр болған қабыршағынан қара жер жаралыпты. Ең алғашында жер де, көк те тым кішкене – әуе айнадай, жер тебінгідей ғана болған екен. Жер мен көк бірте-бірте өсіп үлкейе беріпті. Өскен сайын көк аспан кеңейіп, көтеріле беріпті де, қара жер қатайып қалыңдап, салмағы ауырлап, төмендей беріпті. Мұны көрген жасаған қара жерді киелі көк өгізге көтертіпті. Алайда қара жер өгіздің үстіне орнықпай, ауып қала беріпті. Жасаған оны орнықтыру үшін жалпақ жердің әр өңіріне ұлылы-кіші тауларды тұрғызып, салмағын теңгеріп, ауып-талмайтын етіп, тиянақтырған екен.

Жер мен көк жаралғаннан кейін де қара түнек айыға қоймаған... Жасаған... екі асыл перзенті – Күн (ұл) мен Ай (ару) сынды екі жарықты

туғызыпты... Алайда алғаш айыққан аспан әлі де аласа еді, қара жер тыр жалаңаш тақыр қалпында қаңырап жатқан-ды... Жасаған көк еңсесін көтеріп, қаңыраған жерге тірлік көркін енгізу үшін, ең алдымен, жер бетіне жалғыз ағаш – киелі теректі жаратыпты. Бұл ағаш әуелеп өсіп, көк күмбезінің түңлігін көтеріпті» [4, 86-87].

Демек адам жаралмас бұрын Жасаған жер бетінде алдымен ағашты жаратады. Ол ағаш жайқалып төбесі көкке барып тіреліп, аспанмен жалғасып тұрады, әрі аспан жерге құлағасын деп тіреуіш қызметін қоса атқарады. Ол ағаштың адам өміріне тікелей қатысы деп есептеген. Жаралған әлемді де, адам өмірін де осы бәйтерекпен байланысты қарастыратын болған. Тек қана қазақтар емес, сонымен қатар түркі халықтарының ұғымында адам өмірі осы бәйтеректің жапырағына байланысты деп сенген. Жапырағы үзілген жағдайда біреудің өмірі қоса үзілді деген. Түркі халықтарының көне мифтік түсінігінде адам тағдыры жаратушының жасаған алып бәйтерегінде жазылған деген де ұғым болғандығын байқаймыз. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгенде алып бәйтеректің жапырағына оның тағдыры жазылып қойылады екен. Адам қайтыс болғанда әлгі жасыл жапырақ сарғайып, сабағынан үзіліп түсетін көрінеді. Қазақтың антропологиялық мифінде мынадай ұғым болғандығы келтіріледі: «Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түркі халықтарына кең тараған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда: «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол – көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтерекке жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді; жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды», - дейді» [5, 83].

Жалпы ағашты кие тұту ертеден бар дүние. Адам өмірін ағашқа ұқсату, ағаштан пана іздеу қазақтың ақындары мен жырауларының шығармаларында да ұшырасып отырады. Неше түрлі адам бойын балқытатын әуен шығаратын асбаптың өзі ағаштан жасалатын болғандықтан ақындарымыз қолындағы қобыз бен домбырасын ерекше қастерлеген. Оны атақты ақын Қашағанның Есқали сопыға айтқан сөздерінен де байқаймыз. Бірде ақын жолаушылап келе жатып бір ауылға түскенде үй иесі сараңдығымен атағы шыққан Есқали дейтін сопы болып шығады. Қонақтың келгенін жақтырмаған үй иесі онымен дұрыстап амандаспайды. Ақынның домбырасын қызықтаған баласын шегін тартып көргенде Есқали сопы «Шайтанның қу ағашын неге ұстайсың?», - деп баласына зекиді. Сопының сараңдығы мен надандығына шамданған ақын сопыға оның ақымақтығы мен пасықтығын бетіне басып жер қылады. Осы өлеңінде ақын ағаштың қасиеттерін сипаттап толғай жөнеледі:

Қолымдағы қу ағаш,
 Сайрап отыр бұл ағаш.
 Асылы емен, қарағай,
 Шыққан жері су ағаш.
 Аруақты ерлердің
 Қолындағы ту ағаш.
 Жаның сая табатын,
 Орман болған бұл ағаш.
 Қорыққанда жалғызға
 Қорған болған бұл ағаш.
 Бұтақтары бүгіліп,
 Көктен төмен үңіліп,
 Қарның ашып келгенде,
 Жүрегінді жалғауға,
 Нәсіп болған бұл ағаш.
 Пайғамбарлар туғанда,
 Бесік болған бұл ағаш.
 Ибраһим Қағба салғанда,
 Есік болған бұл ағаш.
 Мұнаралы әр жерде,
 Мешіт болған бұл ағаш.
 Шеберлердің қолында,
 Кәсіп болған бұл ағаш.
 Өзінді халық сұпы дейді,
 Боктағаның қай ағаш? [6, 95-96].

Ақын ерекше қасиеттерін көрсетіп өткен ағаштың сипаттарына қарап, халық ұғымындағы ағашқа деген ерекше құрметін аңғарғандай боламыз. Ақын сол халық ұғымындағы киелі құндылықтарды өлеңге қосып, жаңғыртып айтып беріп отырғандығын көреміз.

Ерте дәуірде бақсылар қолындағы қобызы мен домбырасын аруақтар дүниесімен жалғастырушы тылсым күш ретінде қарастыратын болған. Ол тек қазақ халқында емес, дүниежүзінің көптеген халықтарында болған. О дүниедегі аруақтарды шақыру жолында бақсылық сарынды айтқан кезінде қолына ұстап отырған аспабының әуеніне елтіп отыратын болған екен. Ол жайында профессор Е.Тұрсынов былай дейді: «Аталған халықтардың барлығы да ертегі айтқанда, сөзін созып, ырғақтатып айтатын, музыка аспабымен сүйемелдейтін. Күй тартып, ертегі айту үшін арнаулы кісіні шақырып, осы еңбегі үшін олжаға түскен аңның белгілі бөлшегін беретін. Осындай кісілері жоқ болған күнде аңшылардың өздері бірінен соң бірі ән салып, күй тартып, ертегілерді айтысатын. Мысалы бурят аңшылары орман иесі Ханғай ертегі айтып, күй тартып бермеген аңшыларды олжасыз қалдырады деп сенген. Нанайлар ертекшілерді өте құрметтеген. Мордвалар

орман құдайы Виряваны ертегілерді тыңдауға өте құмар деп есептеген. Д.Зелиннің мақаласында осы ырымдардың Азия, Африка, Америка, славянның көптеген халықтарында болғандығы айтылады.

Осыған қарап, орта ғасырдағы монғолдардың, қыпшақтардың, қазақтардың соғыс, шабуыл алдында күй тартып, өлең-жыр айтатын әдеттері осы нанымдармен байланысты екенін аңғаруға болады.

Мнонгілер тайпасының айтуы бойынша, жын, иелер сырнайда тартқан күйлерді өте ұнатады. Сондықтан ырым рәсімдерді бастар бұрын сырнай тартып, даңғыра қағатын, сөйтіп жын, иелерді оятып, ырым рәсім өткізілетін жерге жинайтын. Ежелгі хорезмдіктер «от отауларында» от иесіне табыну ырымдарын жасағанда, күйшілер күй тартып, әншілер ән салып, ертекішілер ертегі айтатын.

Осы ырымдардың негізінде жын, иелер, ән-күйді, ертегілерді құмарта тыңдап, риза болғандықтарын білдіріп, аңшыларға аң жібереді, егіннің бітік өсуіне мүмкіндік жасайды, аурудың бетін қайтарады. Адамдардың өзге де өтініштерін орындайды деген наным жатыр. Бұл наным бара-бара өрби келе, ән-күй, әңгімешілік, ақындық, бақсылық құдіретін адам баласына жындар, иелер, аруақтар дарытады деген нанымға ұласты.

Ертеден эпикалық шығармаларда қаһарманға алдағы оқиғалардан хабар білдіру үшін пірлерді ойлап тапқан. Пірлер көзге көрінбей келіп немесе түске еніп, батырды қауіп-қатерден сақтандырады. Қиыншылық жерде көмектеседі. Мұны табиғат күшінің сыры белгісіз кезінде қиялдан туған бейнелер деп ұғу керек. «Көрұғлы» эпосының жинаққа жіберілген нұсқаларындағы жағымды қаһармандарға көмек көрсетуші Қызыр, Ілияс, қырық шілтендерді осылай ұққан жөн. Гиратқа тіл бітіп, Гауазға көмек көрсетуі, Гауаз жаралы болып жатқанда Гираттың Көрұғлыға барып хабарлауы да белгісіз күш иесін табуды қиялдаудан туған жағдай. Осы сияқты «Ер Төстікте» де батырға қара алып құстың жер астынан жер бетіне шығуына көмектесуін де айтамыз.

Мысалы, қазақтар домбыра үйренем деген кісі үш жолдың торабында тұрған молаға түнеп шығуы керек деп сенген. Яғни домбырашылық, ақындық өнер ол дүниемен, аруақтар дүниесімен байланыстырылған [7, 324-235].

Қазақ бақсылары да ауру адамды емдегенде қолына қобызын алып сарната отырып, аруақтары мен жындарын шақыратын болған. Оның барлығы Қорқыт ата қалдырған қобыздың киелілігі деп білген. Қобыз арқылы бақсы о дүниеге аттанады немесе аспан әлемінде ұшып жүрген жындарды өзіне жұмыс істететін болған. Бір аңызда Қойлыбай бақсы бәйгеге өзінің қобызын қосқандығы айтылады. Оны аттар кері оралатын тұсқа белгіленген сексеуіл ағашына байлатады. Өзі жындарын шақырып, бақсылық сарынға салғанда қобыз байлаулы тұрған ағашымен қоса жұлып алып, шауып келе жатқан аттардан озып келеді. Бұл аңызда да бақсылық нанымның ағаш культімен тікелей байланысы бар екендігі көрінеді. Қолындағы қобыз мен ол қобызды далада өсіп тұрған жалғыз сексеуіл ағашына апарып байлатуы,

сол арқылы өзге әлемдегі жындарды көмекке шақырып, өзінің кереметін көрсетуі – мұның барлығы сол ағаштың қасиетімен тікелей байланысты дүниелер.

Қазақтың қобызшылары мен күйшілері «Күй атасы - Қорқыт» деп сыйынуында да осындай тылсым күшке сену нанымы жатқандығы байқалады. Сондықтан да қазақ халқы ел ішінен шыққан өнерпаздарды ерекше құрметтеген. Жыраулар мен ақындарды түсінде аян берген, сол ерекше қасиеттің арқасында ол ақын болған деп есептеген. Мысалы, Базар жырау мен Ықылас күйшінің дарын иесіне айналу себебі түсінде бір шал, қария кісі келіп «Балам көген аласың ба, өлең аласың ба» деуі немесе «Маңдайыңа берейін бе, жоқ таңдайыңа берейін бе?» деп сұрауы ақын болатындығын алдын ала аруақтар белгілеген деген сенімнен туған.

Мұндай ырымдар қазақтар арасында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін де жақсы сақталған. XIX ғасырда өмір сүрген атақты ақындардың көпшілігінде ақындық дарынның ғайыптан келіп қонғандығы туралы аңыздар ұшырасып отырады. Бұл нанымдардың түбі шаманизмге барып тірелетіні анық. Жоғарыда айтып өткеніміздей бақсылар үш қабат әлемді шарлау үшін, экстаздық кейіпке ену үшін қолындағы әуенді аспабына, немесе асай-мүсейіне сүйенетін болған. Соның арқасында ол үш әлемді шарлайды деп түсінген. Сол қолындағы ағаштан жасалған аспаб арқылы әлемдік ағаш бәйтерекке шығады, аруақтар елі мен перілер мекеніне сапар шегеді деп түсінген. Уақыт өте келе бұл түсінік көнергенімен бақсылар қобыз тарту арқылы ауру адамның бойына еніп алған өлілер мекенінен келген жындар мен ауруларды қуады деп түсінген. Бақсылар қобызбен күй тартып, өлеңмен жындарын шақыру арқылы аурудың бойындағы кесірлерді емдейтін болған. Жырдың шығуының өзі өмірден өткен аруақты батырлар мен хандардың жандары жай тауып жату үшін оларға арналған жоқтаулардан шыққан. Кейін келе бұл дәстүр жыршылыққа ұласады. Жас ұрпақты елін, жерін қорғау жолында сол батыр аталары сияқты батыр болуға баулитын болған. Оны айтушы жыраулар мен жыршылар ел ішінде зор беделге ие болады. Жыраулар кезеңі өтіп, тарих сахнасына ақындар шыққан дәуірде де ақындар ерекше қасиет иесі, өлі аруақтардың қолдауы арқасында осындай дәрежеге жеткен жандар деген ұғым қалыптасып отырған. Сондықтан да ел ішін аралап өлеңмен елге өсиет айтушы ақындар қолындағы домбырасын киелі деп санаған. Бұл ұғымдардың барлығы кезінде бәйтерек ұғымына барып тірелетіндігін көрсетеді. Ағашты ерекше киелі санау дәстүрі кейін ақын-жыраулар дәстүрінде берік орын алып қалғандығын көреміз.

Бұрын шамандық нанымды ұстанғандықтан әлемнің жаратылысы, жердің пайда болуы, жер бетіндегі тіршілік иелерінің шығу кезеңдері туралы өзіндік көзқарастары болған. Сондай шамандық түсінік негізінде дүниеге келген ұғымдардың бірі – Бәйтерек. Шамандық ұғымда әлемнің жаратылысы үш қабаттан тұрады деп ойлаған. Көк аспанда құдай мен оның періштелері, адам баласын жебеуші қайырымды рухтар мекен етеді деп түсінген. Одан

кейінгі орында жер бетінде тіршілік ететін жан-жануарлар мен өсімдіктер, адамдар жатады. Яғни осы әлем суреттеледі. Үшінші қабат жер асты қабаты. Онда негізінен өлілер әлемі орын тепкен деп түсінген. Жер астында адамды о дүниеге алып кететін зұлым күштер мен неше түрлі ауру тарататын құбыжықтар мекен еткен деп ұғынған. Сонымен қатар жер астында жылан патшалығы өмір сүреді деген де ұғым қалыптасқан. Ол әсіресе «Ер Төстік» ертегісінде жақсы сақталған [8].

Осы үш әлемді бір-бірімен жалғап тұрған бәйтерек ағашы өсіп тұр және ол ешуақытта құрамайды, жапырағы жайқалып мәңгілік тұрады деп ойлаған. Осы бәйтерек ағашын мекендейтін көбіне жан-жануарлар болып келеді. Бәйтеректің төбесіне Алып қарақұс немесе Самұрық ұя салатын болса, ортаңғы қабаты яғни, жер бетіндегі бөлігінде тазы иттер мекен етеді. Олар бәйтеректі басқа жамандық ойлайтын жандардан ылғи да қорғаштап тұрады екен. Бәйтеректің астыңғы бөлігі жер астында орналасқан. Бәйтеректің тамыры жайлаған бөлігін жыландар патшалығы мекен етеді, жыландар мекені деген ұғым болған. Әлемнің жаратылысы туралы шамандық ұғымдар, бәйтерек туралы дүниеге келген мифтер уақыт өте келе қолданыстан шыға бастаған. Кейін ислам дінін қабылдаған соң бұл ұғым өзінен жоғалған. Алайда бәйтерек туралы ұғым қазақтың ертегілерінде сақталып отырғандығын көреміз. Әрине, таза күйінде емес, өзгеріске ұшыраған кейпінде сақталып қалған. Ертегілерден бөлек қазақтың ақындары мен жырауларында да ағашқа деген киелілік берік орын алғандығын көреміз. Бұрынғы осындай нанымдар ғасырлар бойы халық жадынан біржола жойылмағандығын, халықтың салтында, ырымдарында сақталып келгендігін байқаймыз. Қазақ халқы ежелден-ақ жайқалып өскен ағашты қасиетті санап, оған құрметпен қараған халық. Табиғатты аялауды біз ата-бабаларымыздан үйренуіміз керек.

Астана қаласында тұрғызылған Бәйтерек монументі бір жағы қазақ халқының ежелден табиғатты, қоршаған ортаны ластамай, ғасырлар бойы сол қалпы сақтағандығын, оның ағашын да кеспей мәпелеп ұстағандығының символы іспеттес. Қазақ халқының болмысын айшықтайтын Бәйтерек монументі қазақ халқының табиғаты таза, арманы асқақ халық екендігін де бейнелеп тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалары. – Алматы: «Жібек жолы» БҰ, 2010. – 576 б.
2. Қоңыратбаев Ө.Қ. Көптомдық шығармалар жинағы.-Алматы: «МерСал» баспа үйі: 2004-554 бб.
3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі – Алматы: Ғылым, 1993.-296 бб.
4. Қазақтың мифологиялық әңгімелері. Зерттеулер жинағы. Алматы, 1978. 29-34бб.
5. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009.-192 бб.

6. Ақберен. ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жырлары. Құрастырған, баспаға әзірлеген, алғы сөзін жазған ф.ғ.к. Қ.Сыдықов. Жазушы баспасы, Алматы – 1972. 95-96 бб.
7. Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009.–376 б.
8. Қазақ ертегілері. – Алматы. Жазушы. Т.2: Батырлық, тапқырлық жайлы ертегілер: - 2000 – 272 б.б.

REZUME

**B.S. ABZHET, B.ZH. KULZHAEVA (Turkistan)
MYTHOLOGICAL MEANING “BAITEREK- TREE OF LIFE”**

The article deals with the mythological meaning of the monument “Baiterek” as the tree of life.